



БҰЙРЫҚ

05.01.2025

Түркістан қаласы

П Р И К А З

№

№2-НҚ

город Туркестан

**«Мемлекеттік қолдау шараларын көрсететін тұлғалардың қызметіне
Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы
заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан мониторингтің
2025 жылға арналған жоспар кестесін бекіту туралы»**

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 90-6-тармағының 39-4) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 1 желтоқсандағы № 296/НҚ «Мемлекеттік қолдау шараларын көрсететін тұлғалардың қызметіне Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан мониторинг жүргізу регламентін және Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың жаңа шараларын енгізуді және (немесе) жеке кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау шараларын көрсету тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын монополияға қарсы органмен келісу жөніндегі регламентті бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік қолдау шараларын көрсететін тұлғалардың қызметіне Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан мониторинг жүргізу регламентінің» 4-тармағының негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік қолдау шараларын көрсететін тұлғалардың қызметіне Қазақстан Республикасы бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан мониторингтің 2025 жылға жоспар-кестесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Департамент басшысының орынбасары Махатов Данабек Асқарұлына жүктелсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысы

А.Турысбаев

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті басшысының 2024 жылғы «__» желтоқсандағы №__

Жоспар-Кесте

№ р/с	Мониторинг объектісінің атауы	Мониторинг жүргізу кезеңі	Негіздеме
Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің аумақтық департаменттері			
1	«Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі	2025 жылғы 1 тоқсан	Бәсекелестікке қарсы әрекеттердің жоғары тәуекелдері (мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінде шараның болмауы)
2	«Түркістан облысының табиғи ресурстар, табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі	2025 жылғы 1 тоқсан	Бәсекелестікке қарсы әрекеттердің жоғары тәуекелдері (занды тұлғаның ішкі актілері негізінде қолдау шараларын көрсету)
3	«Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру, әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі	2025 жылғы 2 тоқсан	Бәсекелестікке қарсы әрекеттердің жоғары тәуекелдері (мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінде шараның болмауы)
4	«Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру, әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі	2025 жылғы 3 тоқсан	Бәсекелестікке қарсы әрекеттердің жоғары тәуекелдері (мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінде шараның болмауы)
5	«Түркістан облысының туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі	2025 жылғы 4 тоқсан	Бәсекелестікке қарсы әрекеттердің жоғары тәуекелдері (занды тұлғаның ішкі актілері негізінде қолдау шараларын көрсету)